Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018 жыл «01» маусым № 13

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-сі

(Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, анықталған бұзушылықтар бойынша «Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі, БСН:120940015163, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4 ш/а 72 , ғимарат.

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, БСН, орналасқан жері)

хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Сізге осы хабарламаны оны берген күннен *(алғаннан)* кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетке (бұдан әрі - Комитет) немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша «1» парақта.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

2018 жылғы «01» маусымдағы №13 хабарламаға
Қосымша

Камералдық бақылау жүргізу нәтижесімен ұйымдастырушының тарапынан №2489874-1 санды мемлекеттік тапсырыстың ішінде №17103723-ГС31 лот бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жастар саясаты саласындағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер» жөніндегі өткізілген мемлекеттік сатып алуына камералдық тексеру жүргізіліп келесіні хабарлайды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 233-тармағының 2-тармақшасында әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес) келу керектігі көрсетілген.

11.05.2018 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №2489874-1 санды №17103723-ГС31 лот бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттамасына сәйкес, «ЭкоМаңғыстау» үкіметтік емес мекемесі жеңімпаз болып танылған.

Камералдық бақылау жүргізу барысында, жеңімпаз болып танылған «ЭкоМаңғыстау» үкіметтік емес мекемесінің құжаттарын тексеру барысында келесідей заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, «ЭкоМаңғыстау» үкіметтік емес мекемесінің жаағысы қызмет мақсатының тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкес келмейтіндігіне қарамстан негізсіз жіберілгені анықталды.

Сонымен қатар, «Укрепление семейных отношений «Аялы алақан» жарғысы қызмет мақсатының тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкес келмейтіндігіне қарамастан негізсіз жіберілгені анықталды.

Аталған, Қағиданың 234-тармағында, 233-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған балдардың санына қарамастан, ***конкурсқа қатысуға жіберілмейді*** делінген.

Нәтижесінде, конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан «ЭкоМаңғыстау» үкіметтік емес мекемесі мен "Укрепление семейных отношений «Аялы алақан» жарағыларында қызмет мақсаты тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге еместігіне қарамастан негізсіз конкурсқа қатысуға жібермеу болып табылады.

Камералдық бақылау жүргізу қағидасының 2-қосымшасына сәйкес, (4-бағыт) № 6 бейін бойынша бұзушылықтар анықталды.

Е.Башагулов